

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 20 маусымдағы N 237 қаулысына өзгерістер мен толықтырудың жобасын мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 1263 Қаулысы Ұлттық қордың активтерін басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 маусымдағы N 787 қаулысымен мақұлданған "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 237 қаулысына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ұсынған өзгерістер мен толықтырудың жобасы **мақұлданды**.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы 2005 жылғы "___" _____ N_____

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 237 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 655 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы **ҚАУЛЫ** Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 24 қазандағы

№ 426 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2048 тіркелген), 2003 жылғы 1 қыркүйектегі № 322 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2518 тіркелген) қаулыларымен бекітілген, өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 маусымдағы № 237 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1568 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2001 жылғы 2 - 15 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесінде:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қорды сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет Bloomberg L.P., Reuters (Eastern Europe) Limited, Fitch Ratings Ltd және қаржы нарықтары туралы деректерді ұсынатын басқа да ақпараттық жүйелердің қызметтерін сатып алуды қамтиды";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Citigroup World Government Bond ex Japan Index 50 пайыз USD hedged (90 пайыз) плюс Citigroup World Government Bond Japan Index 50 процентов USD hedged (10 пайыз) (далее - customized CitigroupWGB Index 50 процентов USD hedged) индексі - Жапонияны қоспағанда, дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларының 90 пайызынан және Жапонияның бір жылдан астам өтеу мерзімімен, АҚШ долларына қарсы 50 пайызға хеджирленген мемлекеттік облигацияларының 10 пайызынан тұратын Citigroup компаниясының индексі. Осы индексте эталондық бөлуге оралу күнтізбелік тоқсанның соңғы жұмыс күні жүргізіледі. Индекстегі бағалы қағаздардың құрамы нарықтық капиталдандыру негізінде ай сайын өзгеріп отырады. Кірістілік пен тәуекелдің көрсеткіштері күн сайын есептеліп отырады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Репо және кері репо операцияларын АІ+ төмен емес қысқа мерзімді кредиттік рейтингтері бар - Standard&Poog's /P1 - Moody's FF- төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтері бар - Standard&Poog's/Aa- - Moody's қарсы әріптестер жүзеге асыруға тиіс. Кері репо операциялары үшін қамтамасыз ету ең төменгі кредиттік рейтингі ААА, нарықтық құны операция сомасының 100% кем болмайтын бағалы қағаздар болуы тиіс."

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. "Төлемге қарсы жеткізу" қағидаты бойынша мәмілелер қарсы әріптестер (немесе кастодиандар) арасында олардың кредиттік рейтингіне шектеу қоймастан активтерді бірдей уақытта жеткізген кезде жүзеге асырылуы мүмкін.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Жинақ портфеліне арналған эталондық портфель болып:

- 1) customized CitigroupWGB Index 50 процентов USD hedged 75 пайызынан және
- 2) MSCI World Index excluding Energy 25 пайызынан тұратын индекс саналады.

Осы индексте эталондық бөлуге қайта оралу күнтізбелік тоқсанның соңғы жұмыс күні жүргізіледі."

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. Активтік басқарудағы акциялар портфелінің үлесі акциялар портфелінің 50 пайызынан аспауға тиіс."

62-тармақтағы "300" деген сандар "500" деген сандармен ауыстырылсын;

67-тармақтағы "4" деген сан "8" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қазаннан бастап туындайтын қатынастарға қолданылатын осы қаулының 1-тармағының үшінші, төртінші, жетінші, сегізінші, он алтыншы он жетінші, он сегізінші және он тоғызыншы абзацтарын қоспағанда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Монетарлық операциялар департаменті (Ю.В. Герасименко):

1) Заң департаментімен (С.Б. Шәріпов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап бес күн мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің назарына жеткізсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Р. Елемесовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

" _ _ _ " _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

№ _ _ _ _ _

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған